#ID19758364 №990640002755/240099/00

«Сумен жабдықтау шарты»

«Ақтау қ.» № Б 2601-В 2024-01-01

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі **«Жеткізуші»** деп аталатын, оның атынан 10.01.2024 ж. № 01-25/24 сенімхат негізінде әрекет ететін пайдалану жөніндегі департаментінің директоры С.К. Желкушинов, бір тараптан, және **«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі**, бұдан әрі **«Тұтынушы»** деп аталатын, оның атынан 06.11.2018 ж. № 1166-1943-01 ММ Ережесі және 10.02.2022 ж. № 89 Бұйрығы негізінде әрекет ететін МО ПД бастығы А.С. Дуйсембаев, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп **«Тараптар»** деп аталатын, 04.12.2015 ж. № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1 Тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1.Шартта келесі негізгі ұғымдар айдаланылады:

есепке алу аспабы - нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шама бірлігін жаңғыртатын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен суды коммерциялық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген су көлемін (ауыз су, техникалық, ағынды және басқа да су түрлері) өлшеуге арналған техникалық құрал;

есепке алу аспаптарын тексеру - есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, оның техникалық талаптарға сәйкестігін айқындау және растау, көрсеткіштерді алу, сондай-ақ су өлшеу торабында пломбалардың бар-жоғы мен бүтіндігін айқындау үшін Жеткізушінің өкілі орындайтын операциялар жиынтығы;

есеп айырысу кезеңі - Тұтынушы көрсетілетін қызмет үшін есеп айырысу жүргізетін айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап айдың соңғы күні сағат 24:00-ге дейін күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі ретінде шартта айқындалған кезең;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы - тараптардың келісімімен белгіленетін міндеттер (оларды пайдалану үшін жауапкершілік) белгісі бойынша сумен жабдықтау жүйелерінің элементтерін бөлу орны. Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

су тұтыну нормасы – «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган бекіткен бір адамның, жеке қосалқы шаруашылық жануарларының тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыру үшін немесе нақты елді мекендегі суармалы алқап бірлігіне арналған су мөлшері;

суды есепке алу торабына жібермеу - өнім берушінің өкілінің аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу торабына рұқсат беруден тұтынушының бас тартуы (кедергі келтіруі);

теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасы - схемаларда көрсетілетін меншік, шаруашылық жүргізу

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

немесе жедел басқару белгісі бойынша иелері арасында сумен жабдықтау жүйелерінің элементтерін бөлу орны;

төлем құжаты - Жеткізушінің ұсынған қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған, соның негізінде ақы төлеу жүргізілетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту-шот);

тұтынушы - сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы - табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

су беруші ұйым - жеке шарт бойынша Жеткізушінің желілерінен Тұтынушының желілеріне ауыз су мен техникалық суды беру бойынша қызметтер көрсететін ұйым.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2 Тарау. Шарттың мәні

2.Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші тұтынушыға ауыз су және техникалық су (әрі қарай – «су») беру жөнінде қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тұтынушы осы Шартта белгіленген мерзімде, тәртіпте және мөлшерде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

3.Көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары мен берілетін судың сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасының, санитариялық ережелердің, мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4. Шарт тұтынушымен оның меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған, су беруші мекеменің техникалық шарттарына сәйкес орындалған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері болған кезде жеке тәртіппен жасалады.
5. Жеткізушінің сумен жабдықтау жүйелеріне қосуға арналған техникалық шарттарда көрсетілген көлемдерге сәйкес тұтынушы алатын ауыз су мен техникалық судың рұқсат етілген көлемі.
6. Қызмет көрсету режимі - тәулік бойы.
7. Бюджеттік ұйымдар объектілерінің сумен жабдықтау желілерінің пайдалану жауапкершілігі бөлімінің шекарасы Жеткізушінің сумен жабдықтау желілеріне қосылу орнындағы ысырмалардың соңғы фланеці болып табылады.

1**) Су тұтыну объектісі және оның орналасқан жері: 130000, г. Актау, 26 ш/а, «Достық» СО жанында.**

3 Тарау. Қызмет көрсету шарттары

8 Қызмет көрсетуді тоқтата тұру келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) авариялық жағдай не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда;

2) Жеткізушінің желісіне өз бетінше қосылған жағдайларда;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3) есеп айырысу кезеңінен кейінгі екі ай ішінде қызметтер үшін төлем болмаған жағдайда;

4) аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу аспаптарына Жеткізушінің өкілдерін бірнеше рет жібермеу қағидаттарына негізделеді;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен негізделген құбыр жолдарына дезинфекция жүргізу қажет болған жағдайларда жүргізіледі;

6) Нормативтік құқықтық актілерде және тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда қызмет көрсетуді тоқтата тұру дереу жүргізіледі. Осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тұтынушы қызмет көрсетуді ұсынуды тоқтата тұрғанға дейін кемінде бір ай бұрын ескертіледі.

9. Шарттың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айтылған жағдайларда Тұтынушыны қосу туындаған бұзушылықтарды жою және жою кезінде жүргізіледі.
10. Шарттың 8-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін Тұтынушыға қызмет көрсетуді тоқтата тұрған жағдайда, қосу борышты өтегеннен кейін жүргізіледі. Бірнеше рет ажыратылған кезде қосу борышты өтегеннен және қосқаны үшін төлем жасағаннан кейін жүргізіледі.
11. Жеткізуші жоспарлы-алдын алу жөндеуін, сумен жабдықтау жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, Тұтынушы қосылған сумен жабдықтау желілеріне жаңа Тұтынушыларды қосу жөніндегі жұмыстарды жүргізген жағдайда, Жеткізуші Тұтынушыны кемінде үш жұмыс күні бұрын қызметтерді уақытша тоқтата тұру туралы ескертеді - Бұл ретте Тұтынушының үйге ортақ желілеріндегі жоспарлы жөндеулер, авариялар Қызмет көрсету мекемесіне хабарлайды.

4 Тарау. Қызметтерге төлем жасау тәртібі

12 Осы Шарт бойынша ұсынылған қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

1) Осы Шарттың қолданылу басталғаннан бастап бюджеттік ұйымдар үшін ҚҚС есебінсіз тарифтер мыналарды құрайды

- ауыз су 1 м³ - 245,78 теңге;

- техникалық су 1 м³ - 105,81 теңге.

13. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, тұтынушы нақты көрсетілген қызметтер саны үшін ай сайын төлем құжатының негізінде есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде төлейді. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды.

1) Жеткізуші шот-фактураны электрондық нысанда жазып береді және тұтынушыға электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) арқылы жібереді.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Тұтынушының ЭШФ АЖ - да тіркеуі болмаған жағдайда, Жеткізушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық шот-фактура тұтынушының мекенжайына есептік айдан кейінгі айдың 10-нан кешіктірілмей жіберіледі.

3) Жеткізуші алдындағы барлық ақшалай міндеттемелерді орындау үшін жеткіліксіз жүргізілген төлем сомасы төлем мақсатына қарамастан мынадай тәртіппен қабылданады:

- сот шығындары;

- тұрақсыздық айыбы (өсімпұл);

- берешек;

- ағымдағы есептеу;

- айыппұл.

5 Тарау. Қызметтерді жіберуді және тұтынуды есепке алу

14 Көрсетілген сумен жабдықтау қызметтерінің көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша анықталады.

Осы Шартта қамтылмаған көрсетілген сумен жабдықтау қызметтерінің көлемін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7257 болып тіркелген) бекітілген Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу Әдістемесіне сәйкес айқындалады.

15. Тұтынушының есепке алу аспабының техникалық және метрологиялық сипаттамалары су тұтынудың нақты көлеміне сәйкес келуге тиіс.

Жеткізуші Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 621 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12111 болып тіркелген) сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есепке алу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану Ережелеріне сәйкес есепке алу аспаптарын пайдалануға беруді жүзеге асырады.

Тұтынушының есепке алу аспаптары Қазақстан Республикасының өлшеу құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізілуі, жұмысқа қабілетті болуы, есепке алу аспабының әрбір түрі үшін белгіленген дәлдік сыныбына сәйкес келуі тиіс. Есепке алу аспаптары есепке алу аспаптарының әрбір түрі үшін Қазақстан Республикасының Мемстандарты белгілеген мерзімде салыстырып тексерілуі, салыстырып тексеру туралы сертификаты болуы және салыстырып тексеру ұйымының пломбасы болуы тиіс. Тұтынылатын суды есепке алу схемасы жеткізушінің бақылау пломбаларымен пломбалануы тиіс.

16. Тұтастығы бұзылған, бастапқы тексеру туралы бедері жоқ, тексеру мерзімі өткен есепке алу аспаптарын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді. Тұтынылатын суды есепке алу схемаларын пломбалау жөніндегі жұмыстарды тұтынушының өтінімі бойынша су беруші ұйым жеке есепке алу аспабына қойылатын талаптарды орындау шартымен орындайды.
17. Тексерудің белгіленген мерзімі өткеннен кейін есепке алу аспабы техникалық талаптарға сәйкес келмейтін ретінде коммерциялық есептен автоматты түрде алынады. Жеткізуші

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тексеру мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын Тұтынушыны есепке алу аспабына кезекті мемлекеттік тексеру жүргізу немесе оны ауыстыру қажеттігі туралы хабардар етеді.

18. Жеткізушіні хабардар ету кезінде кезекті тексеруге, жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты есепке алу аспаптары уақытша болмаған жағдайда, сондай-ақ Тұтынушының кінәсінен емес есепке алу аспабының ақаулығы анықталған кезде ұсынылған сумен жабдықтау қызметтерінің көлемі аспаптардың болмауы кезеңіне есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес алдыңғы үш айдағы орташа шығыс бойынша айқындалады, бірақ бір айдан аспайды. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін, есепке алу аспаптары болмаған кезде көрсетілген сумен жабдықтау қызметтерінің көлемі жеке тұлғалар үшін су тұтыну нормалары бойынша, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін, оның ішінде кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар үшін айқындалады, осы Шарттың 5-тармағына сәйкес қабылданады.
19. Пәтерде немесе жеке үйде орнатылған есепке алу аспаптарының сақталуын қамтамасыз ету Тұтынушыға жүктеледі. Жеткізуші есепке алу аспаптарын арнайы бөлінген үй-жайларға орнатқан кезде олардың сақталуына Жеткізуші теңгерімдік тиесілілігін шектеу актісіне және пайдалану жауапкершілігіне сәйкес жауапты болады.
20. Есепке алу аспаптарын белгісіз адамдар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, олардың сақталуына жауапты адам, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есепке алу аспаптарының ұрлануы немесе сынуы фактісі анықталған кезден бастап бір ай мерзімде есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін су беруші мекеменің тұтынушыны сумен жабдықтау желілеріне қосады.
21. Тұтынушыда суды есепке алу схемасын бұзу, басқару тораптары мен есепке алу аспаптарында пломбаларды бұзу, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнату фактілері анықталған кезде Тұтынушыға соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде тәулігіне 24 сағат бойы жұмыс істеген кезде құбырдың басқару торабына дейінгі толық өткізу қабілеті есебінен суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі.
22. Бұзушылықтар анықталған кезде көрсетілген сумен жабдықтау қызметтерінің көлемін есептеу Қазақстан Республикасы құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7257 болып тіркелген) бекітілген сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

6 Тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

23. Тұтынушы құқылы:

1) Шарт талаптарына сәйкес оның денсаулығы үшін қауіпсіз, өз мүлкіне зиян келтірмейтін санда белгіленген сападағы қызметтерді алуға,

2) Жеткізушіден қызметтерді есепке алу аспаптарын орнатуды талап етуге;

3) Жеткізушінің заңнамаға қайшы келетін іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;

4) жария тыңдауларға қатысуға;

5) Жеткізушіден қызметтерді тиісінше ұсынбау салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

белгіленген тәртіппен талап етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызмет ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

7) егер Жеткізуші белгіленген тәртіппен шот ұсынбаса, алынған қызмет үшін төлем жүргізбеуге;

8) Жеткізушімен қызметтер көрсетуге шарт жасасуға;

9) ұсынылған қызметке толық ақы төлеу шартымен бұл туралы Жеткізушіні бір айдан кешіктірмей жазбаша хабардар ету кезінде шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

24. Тұтынушы міндетті:

1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекарасында орналасқан сумен жабдықтау желілері мен жабдықтарының пайдаланылуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

2) есепке алу аспаптарының болуы және Жеткізуші ұсынған төлем құжаттарының негізінде ұсынылған қызметтерге олардың көрсеткіштеріне сәйкес уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

3)Қызметтерді пайдалану кезінде туындаған, орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін сумен жабдықтау жүйелерінің желілері мен құрылыстарының, өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекарасында орналасқан есепке алу аспаптарының жұмысындағы ақаулар туралы, ал сумен жабдықтау жүйелерінің желілері немесе құрылыстары бүлінген немесе ластағыш, уытты заттардың авариялық төгілуі немесе сумен жабдықтау жүйелерінің желілері немесе құрылыстары бүлінген - төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жергілікті органдарға, санитарлық-эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғауға;

4) есепке алу аспаптарының, есепке алу аспаптарындағы пломбалар мен тексеру белгілерінің, есепке алу тораптарындағы пломбалардың, айналма желінің ысырмаларындағы, оның пайдалану жауапкершілігі шекарасындағы өрт гидранттарындағы пломбалардың сақталуын, тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, көрсетілген үй-жайларды таза ұстауға, сондай-ақ есепке алу тораптары мен аспаптарына кіруге кедергі келтіретін заттардың, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалауы мүмкін механикалық, химиялық, электромагниттік немесе өзге де әсерлердің сақталуына жол бермеуге;

5) Жеткізушіні және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жергілікті органдарын өрт гидранттарын олар бұзылған немесе оның су құбыры желілерінде авария туындаған жағдайларда пайдалану мүмкін еместігі туралы дереу хабардар етуге міндетті;

6) есепке алу аспаптарының барлық зақымдануы немесе ақаулары туралы, пломбалардың бүтіндігінің бұзылуы туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға міндетті;

7) аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін, сондай-ақ берешегі болған кезде тұтынушының желілерін ажырату үшін есепке алу аспаптарына Жеткізуші өкілдерінің кедергісіз кіруін

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

қамтамасыз етуге міндетті;

8) қызметті тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті;

9) өзге Тұтынушыларды сумен жабдықтау жөніндегі ұйымның рұқсатынсыз меншікті сумен жабдықтау желілеріне қоспауға;

10) Жеткізушіні банктік деректемелердің, заңды мекенжайының өзгеруі, су тұтыну объектісі меншік иесінің ауысуы, заңды тұлға атауының және ұйымдық – құқықтық нысанының өзгеруі және басқа да өзгерістер туралы 3 күн мерзімде хабардар етуге міндетті;

11) үй-жайды иеліктен айыру кезінде Жеткізушімен толық есеп айырысуды жүзеге асыруға міндетті. Иеліктен шығарылатын үй-жайлар бойынша түпкілікті есеп айырысу болмаған жағдайда, жаңа меншік иесінің берешекті қабылдағаны туралы куәландыратын құжаттарды ұсыну қажет.

12) Жеткізушіге көшірмесін береді:

- тұтынушының энергия тұтыну объектісіне меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесін (жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы куәлік, жалдау шарты, жылжымайтын мүлікті уақытша не тұрақты пайдалануға беру туралы құзыретті органның қаулысы не бұйрығы және т. б.);

- техникалық шарттардың көшірмесін;

- энергия ресурстарын коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату туралы актінің көшірмесін;

- энергия ресурстарын коммерциялық есепке алу аспаптары паспорттарының көшірмесін;

- Ақтау қаласының мемлекеттік мекемесі мен энергия, су беруші ұйымдары не энергиямен жабдықтау жүзеге асырылатын желілер иесі арасында жасалған желілердің теңгерімдік тиесілілігі мен тараптардың пайдалану жауапкершілігі шекараларын бөлу актісінің (схемасының) көшірмесін;

- мынадай ақпаратты қамтитын шарт жасасу туралы өтінішті:

- Мекеменің байланыс телефондары, заңды және пошталық мекен-жайы;
- Мемлекеттік мекеменің толық төлем деректемелері;
- осы тұлғаның басшылық өкілеттіктерін орындау негіздемесін көрсете отырып (жарғы, ереже, тағайындау туралы бұйрық және т. б.) мемлекеттік мекеме тарапынан шарттарға қол қоюға құқығы бар басшының Т.А. Ә.

13) Егер ресурстардың тұтынылған көлемі мәлімделген шарттық көлемдерден асып кеткен жағдайда (осы Шарттың № 1 қосымшасы) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 ж. № 540 бұйрығымен бекітілген бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларында (бұдан әрі - "ұбт қағидалары") белгіленген тәртіппен және осы Шарттың талаптарында оларды тұтынуға ақы төленсін.

14) тоқсан сайын өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға құқылы. Салыстыру актісін "ережелермен" белгіленген мерзімде ресімдеу....", тұтынушы бастамашылық етеді.

15) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын өнім берушінің атына келесі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жылға шарт жасасу үшін: бірінші басшының Т.А. Ә., құрылтай құжаттары (қажет болған жағдайда), тұтынылатын ресурстардың көлемі, мекеменің банктік және заңдық деректемелері, пошталық және электрондық мекенжайы, № тел/факс және т. б. ақпаратты қамтитын жазбаша өтінім жіберуге міндетті.

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

17) есеп айырысу кезеңінің 25-күніне дейін су беруші мекемемен бірлесіп есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға міндетті

18) берілген көлемдерді тұтынушы мен су беруші мекеме қол қойған «су тұтыну актісімен» есептік айдың соңғы күнінен кешіктірмей растауға міндетті.

25. Жеткізуші құқылы:

1) көрсетілген қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде алуға құқылы;

2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде барлық Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтер үшін тарифтерді төмендетуге;

3) жеке шарт (келісім) бойынша пайдалану жауапкершілігі шегінде Тұтынушыны сумен жабдықтау желілері мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және пайдалануды жүргізуге;

4) қызметтерді тұтынуға және оған ақы төлеуге бақылауды жүзеге асыруға;

5) тиісті лицензиясы болған жағдайда қызмет көрсетуді есепке алу аспаптарының жұмыс қабілеттілігін тексеруді және тексеруді жүргізуге.

26. Жеткізуші міндетті:

1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекарасында орналасқан елді мекеннің сумен жабдықтау жүйелерін тиісінше пайдалануды қамтамасыз етуге;

2) Санитариялық ережелерге (гигиеналық нормативтерге) сәйкес ауыз суды дайындауды және оны Тұтынушыға беруді қамтамасыз етуге;

3) Тұтынушыны басқа Тұтынушылардың міндеттемелерін орындамау себептері бойынша қызмет алуда шектеместен, жасалған Шартқа сәйкес Тұтынушыға қызметтерді уақтылы және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті;

4) құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, қызметтерді сатып алуға және орнатуға шарт жасалған және уәкілетті органның ведомствосымен келісілген төлем енгізілген жағдайда Қызметтерді есепке алу аспаптарын сатып алуға және Тұтынушыларға орнатуға;

5) қызмет көрсетуге байланысты кез келген функцияларды басқа тұлғаларға беруге жол бермеу;

6) көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын есепке алуды және бақылауды жүргізу, желінің

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

теңгерімдік тиесілілігі және су беруші ұйым мен тұтынушы арасындағы пайдалану жауапкершілігі шекарасында су жеткізу қызметтерін ұсынудың бұзылуының алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

7) Тұтынушымен қызмет көрсетуге шарт жасасуға;

8) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша сумен жабдықтау қызметтерін ұсынуға;

9) Тұтынушыға ұсынылатын қызметтерге ақы төлеуге төлем құжатын есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күніне дейінгі мерзімде ұсынуға;

10) Тұтынушыларды Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде Тарифтердің немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы хабардар етуге;

11) 24 сағат ішінде Тұтынушының негізделген талаптары бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға;

12) сумен жабдықтау желілерін, есепке алу аспаптарын тексеру кезінде, сондай-ақ Тұтынушының есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде қызметтік куәлігін көрсетуге;

13) профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде Тұтынушыға ауыз суды көлік құралдарымен беруге;

14) Тұтынушының желілері мен құрылыстары жарамды және (немесе) Жеткізушінің техникалық шарттары орындалған жағдайда Тұтынушының объектілерін сумен жабдықтау жүйелеріне қосуға рұқсат беруге;

15) үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуінен Тұтынушының дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде осы Шартты орындауға байланысты мәселелер бойынша абоненттің шағымдары мен өтініштеріне жауап беруге;

17) Тұтынушының қатысуымен орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріне қосуға (қосуға) арналған есепке алу аспаптарын, есепке алу тораптарын, құрылғылар мен құрылыстарды пайдалануға рұқсат беруді жүзеге асыруға;

18) тұтынушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда сумен жабдықтауды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы ескертуге;

19) өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріндегі авариялар мен зақымдануларды нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде уақтылы жою жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;

20) қызмет көрсету жүзеге асырылатын сумен жабдықтау желілеріне жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізудің кестесі мен мерзімдері туралы тұтынушыларды хабардар етуге.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

7 Тарау. Тараптардың шектеулері

27 Тұтынушыға тыйым салынады:

1) Жеткізушінің келісіміңсіз есепке алу тораптарын қайта жабдықтауға, сондай-ақ есепке алу аспаптарын орнатуды және (немесе) алуды жүргізуге;

2) Жеткізуші келіскен және қабылдаған суды есепке алудың қолда бар схемаларын бұзуға құқығы бар.

28. Жеткізушіге тыйым салынады:

1) Басқа Тұтынушылардың талаптарды орындамау себептері бойынша қызмет көрсетуден бас тартуға немесе Тұтынушыны қызмет алудан шектеуге құқылы;

2) көрсетілген қызмет үшін уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мөлшерден асатын ақы алуға құқылы;

3) Тұтынушыдан көрсетілетін қызметтерге төлем құжаттарын ұсынбай ай сайын ақы төлеуді талап етуге құқығы бар.

29. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгеше түрде бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

8 Тарау. Тараптардың жауапкершілігі

30. Жабдықтар мен инженерлік желілерді тиісінше ұстау үшін жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекаралары бойынша айқындалады.
31. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тарапқа келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтейді.
32. Көрсетілген қызметтер үшін төлем мерзімі өткен жағдайда тұтынушы Шартқа сәйкес 37-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы сомаларды төлеу күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Тұтынушымен шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Егер Тараптардың келісімінде өзгеше ескертілмесе, тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 26-күні болып табылады.

33. Егер Жеткізуші үшін Тұтынушыға қызмет көрсету мүмкін еместігі Жеткізушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушы алдында Жеткізуші жауапты болады.
34. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

35. Сумен жабдықтау объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) және пайдаланудың өзге де түрлеріне тапсыру кезінде су төлемі бойынша өнім беруші алдында тұтынушы осы Шарт бойынша жауапты болады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

9 Тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

36 Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы емес. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша еңсерілмес күш мән-жайлары басталғанға дейін туындайтын міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бір-бірін хабардар етеді.

37. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмес күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

10 Тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

38. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, талап қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

39. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер Шарттың орындалатын орны бойынша соттарда шешіледі.

Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқығы бар.

40. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
41. Шарт әрбір тарап үшін бір-бір данадан қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалады.
42. Тараптардың келісімі бойынша шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

11 Тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

43. Шарт 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Осы Шарттың талаптары шарт жасалғанға дейін туындаған қатынастарға қолданылады және нақты қосылған (қосылған) сәттен бастап белгіленген тәртіппен желілерге қолданылады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

44. Жеткізушінің келесі күнтізбелік жылға арналған бюджетті және су өндіру көлемін жоспарлау мақсатында тұтынушы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын жеткізушінің атына келесі жылға шарт жасасу үшін мынадай ақпаратты қамтитын жазбаша өтінім жіберуге тиіс: бірінші басшының Т.А. Ә., құрылтай құжаттары (қажет болған жағдайда), тұтынылатын ресурстардың көлемі, банк және заңды деректемелері, пошталық және электрондық мекенжайы, заңды тұлғаның тел/факс № және шартта көрсетілуге жататын өзге де ақпарат.
45. Суды босатуға, беруге және тұтынуға байланысты мәселелерді шешу:

Жеткізуші - телефон: бөлім бастығы 562-291, экономист 564-869, есеп бөлімі 562-149, 564-262, электрондық пошта maek@maek.kz.

Тұтынушы - телефон: 47-50-49, 42-16-23, 47-53-32.

46. Тұтынушы Судан бас тартқан не мемлекеттік мүлік-тұтыну объектісін басқа тұтынушының балансына берген жағдайда, тұтынушы шартты біржақты тәртіппен бұзуға, бұл Туралы Өнім берушіні болжамды бұзу күніне бір ай қалғанда хабардар етуге және пайдаланылған су үшін толық ақы төлеуге тиіс.
47. № 1 қосымша осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

01.01.2024 ж № Б 2601-В

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ШАРТЫНА

№ 1 Қосымшасы

Приложение № 1

К ДОГОВОРУ ВОДОСНАБЖЕНИЯ

№ Б 2601-В от 01.01.2024 г.

Ауыз судың жеткізу, беру және тұтыну көлемі/

Объем поставки, передачи и потребления питьевой воды

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

	г.Актау, 26 мкр возле ТЦ Достык
Қаңтар/январь	12,34
Ақпан/февраль	12,34
Наурыз/март	12,34
Сәуір/апрель	12,34
Мамыр/май	12,34
Маусым/июнь	12,34
Шілде/июль	12,34
Тамыз/август	12,34
Қыркүйек/сентябрь	12,34
Қазан/октябрь	12,34
Қараша/ноябрь	12,34
Желтоқсан/декабрь	12,34
Барлығы:/итого:	**148,08**

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі
Мангистауская область, г.Актау, Микрорайон 12, 80, каб. №205
БСН 990640002755
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ20070102KSN4301000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 8-7292-47-50-49, utomangistau@yandex.kz

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
КБЕ 17, БСН 030240000329, ЖСК KZ966010231000017128
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX
130000, Ақтау қ., № 7 өнеркәсіптік аймақ, 65 ғимарат

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-015-151 : Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу												
	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі	Ауыз су беру бойынша қызмет көрсетулер	Ауыз су беру қызметтері	Маңғыстау облысы ПД учаскелік пункттерінің коммуналдық қажеттіліктеріне арналған ауыз су	Бір қызмет	1	40 762.51	2024 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қоса алғанда	2024 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қоса алғанда	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., шартқа сәйкес (1)	0	40 762.51

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

#ID19758364 №990640002755/240099/00

«Договор водоснабжения»

«г. Актау» № Б 2601-В 2024-01-01

Товарищество с ограниченной ответственностью «Мангистауский атомный энергетический комбинат», именуемое в дальнейшем **«Поставщик»**, в лице директора департамента по эксплуатации Желкушинова С.К., действующего на основании доверенности № 01-25/24 от 10.01.2024 г., с одной стороны, и **Государственное учреждение «Департамент полиции Мангистауской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан»,** именуемое в дальнейшем **«Потребитель»,** в лице начальника ДП МО Дуйсембаева А.С., действующей на основании Положения № 1166-1943-01 ГУ от 06.11.2018 г. и Приказа № 89 от 10.02.2022 г., с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственных закупках» от 04.12.2015 г. № 434-V ЗРК заключили настоящий Договор (далее - Договор) о нижеследующем:

Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре:

1 В Договоре используются следующие основные понятия:

прибор учета - техническое средство для измерения объема воды (питьевой, технической, сточной и других видов вод), имеющее нормированные метрологические характеристики, воспроизводящее и хранящее единицу физической величины в течение определенного интервала времени, разрешенное к применению для коммерческого учета воды в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

проверка приборов учета - совокупность операций, выполняемых представителем Поставщика для осмотра состояния приборов учета, определения и подтверждения его соответствия техническим требованиям, снятия показаний, а также определения наличия и целостности пломб на водомерном узле;

